

2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1 . М ы н а л а р д ы ң :

379 , 380 , 381 , 382 , 383 , 384 , 385-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына

379-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 3378737 мың теңге (үш миллиард үш жүз жетпіс сегіз миллион жеті жүз отыз жеті мың теңге) .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.10 N 561 Қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық-есептеу орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 910 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1460 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен үрдісін сипаттайтын бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі мен жетілдіруін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : 1) мемлекеттік саясатты жүргізу және мемлекеттік статистиканы басқару;

2) ғылыми әдіснама және халықаралық стандарттар негізінде бірыңғай статистикалық ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін және жетілдіруді қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік, коммерциялық құпияларды сақтауды және бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;

4) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, дұрыстығын және жеткіліктілігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

5) елде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдістерін жан-жақты және шынайы зерделеу, қорыту және талдау;

6) өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін үйлестіру; статистикалық әдіснаманы әзірлеу; статистика агенттігі статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жалпымемлекеттік статистикалық	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы

				байқаулар жүргізу; жиынтық статистикалық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету және тарату; Шетелдермен және халықаралық ұйымдармен статистика саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру.		Статистика агенттігі
3		002	Аумақтық орган- дардың аппарат- тары	Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу; өңірлік деңгейде жиынтық статистикалық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету және тарату.	Жыл бойы	Қазақстан Респуб- ликасы Статистика агенттігі
4		007	Мемле- кеттік қызмет- шілердің білік- тілігін арттыру	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін мына бағыттағы қызметтерді сатып алу: 1) экономикалық статистика; 2) әлеуметтік статистика; 3) демографиялық және экологиялық статистика. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту.	Жыл бойы	Қазақстан Респуб- ликасы Статистика агенттігі
5		008	Мемле- кеттік орган- дардың ғимарат- тарын, үй-жай- лары мен құрылыс- тарын күрделі жөндеу	Қ а з а қ с т а н Республикасы Статистика агенттігінің Астана қаласындағы аумақтық органдарының әкімшілік үйіне күрделі жөндеу жүргізу.	Ж ы л бойы	Қазақстан Респуб- ликасы Статистика агенттігі
6		009	Мемле- кеттік орган- дарды матери- алдық- техника- л ы қ жарақ- тандыру	Статистика жүйесінің ор г а н д а р ы н материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету.	Ж ы л бойы	Қазақстан Респуб- ликасы Статис- т и к а агенттігі
7		017	Ақпарат- т ы қ жүйелер- дің жұмыс	Телекоммуникациялық қызметтерді, шығыс материалдарын, қ о с а л қ ы бөлшектерді, техникалық және	Ж ы л бойы	Қазақстан Респуб-

		істеуін қамтама- сыз ету және мемле- кеттік орган- дарды ақпарат- тық-тех- никалық қамтама- сыз ету	бағдарлама-ақпараттық құралдарды, лицензиялық бағдарламалық өнімдерді сатып алу. Жүйелік-техникалық қызмет көрсету және жүйелік-есептеу техникасын жөндеу; жергілікті-есептеу жүйесіне, ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық өнімдерге әкімшілік ету, сүйемелдеу.	ликасы Статистика агенттігі
--	--	---	--	-----------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: статистикалық ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі және оның жетілдірілуі; кәсіби деңгейін арттыру - 1169 адам, мемлекеттік тілге оқыту - 938 адам; ағылшын тіліне оқыту - 30 адам.

Түпкілікті нәтиже: барлық жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен үрдісін сипаттайтын статистикалық деректерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығындар - 9,4 мың теңге;

бір мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілге оқытуға жұмсалатын орташа шығындар - 12,4 мың теңге;

бір мемлекеттік қызметшіні ағылшын тіліне оқытуға жұмсалатын орташа шығындар - 10,2 мың теңге.

Уақтылығы: іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес жыл бойына. Сапасы: қызметкерлерді оқыту, олардың еңбек жағдайын жақсарту және халықаралық статистикалық стандарттарды енгізу негізінде статистикалық деректердің сапасын арттыру; қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес мемлекеттік қызметшілер біліктілігінің кәсіби деңгейін арттыру, олардың нәтижелері бойынша: мемлекеттік тілді оқығаннан кейін іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 4 пайызға, ағылшын тіліне оқығаннан кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 4 пайызға, біліктілігін арттыру курстарынан өткеннен кейін жоғары лауазымдарға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 5 пайызға артады деп жорамалданады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.10 N 561 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Статистикалық ақпаратты өңдеу және тарату" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1036854 мың теңге (бір миллиард отыз алты миллион сегіз жүз елу төрт мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі № 910 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы № 1552 қаулысы ; "Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау материалдарымен қамтамасыз ету тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қарашадағы № 1164 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы № 71 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : статистикалық ақпаратты сапалы өңдеу және жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі мен үрдістерін сипаттайтын статистикалық деректерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : 1) мемлекеттік органдарды статистикалық және талдамалы ақпаратпен қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың жиынтық статистикалық деректерге деген қажеттілігін қанағаттандыру, статистикалық деректерді өңірлік және республикалық деңгейлерде енгізу және өндеуді қамтамасыз ету ;

2) мемлекеттік статистика органдарына ақпарат табыс ететін жеке және заңды тұлғаларды статистикалық нысандардың бланкілерімен және оларды толтыру

жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Статистикалық ақпаратты өңдеу және тарату	Статистикалық деректерді өңірлік және республикалық деңгейлерде енгізу және өңдеу; статистикалық құралдарды көбейту және жіберу; статистикалық жарияланымдарды өңірлік және республикалық деңгейлерде дайындап шығару, көбейту және тарату; талдамалы жұмыстар жүргізу; статистика салалары бойынша іріктемелі зерттеулер жүргізу; сыныптауыштарды аудару; сапа менеджментінің екі жүйесін енгізу; салық декларациялардан мәліметтерді алу, өңдеу және енгізу; жаңа сыныптамалар мен өнімдер номенклатураларын әзірлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: статистикалық есептілік көрсеткіштерін 100% енгізу және өңдеу. Статистикалық нысандар мен нұсқаулықтарды, жарияланымдарды республикалық және өңірлік деңгейлерде дайындау. Талдамалы жұмыстар жүргізу. Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген статистикалық байқаулар жүргізу. Түпкі нәтиже: пайдаланушыларды статистикалық және талдамалы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: ақпараттық жүйені пайдаланушылар санын жыл ішінде 10% - ға өсіру.

Уақтылығы: пайдаланушыларды статистикалық және талдамалы ақпаратпен
Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген мерзімдерде, сондай-ақ іс-шараларды
іске асыру мерзімдерінде қамтамасыз ету.

Сапасы: статистикалық ақпараттың релеванттығын пайдаланушылардың қажеттілігін
есепке алу жолымен көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

381-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 217876 мың теңге (екі жүз он жеті миллион сегіз жүз жетпіс алты мың
т е ң г е) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2004 жылғы 24
сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі , "Қазақстан Республикасында
мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын
бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы N 71
қ а у л ы с ы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің
қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : статистикалық өндірістің тиімділігін
а р т т ы р у .

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік статистика органдарының
ақпараттық жүйелерін құру, статистикалық ақпаратты жинаудың, өңдеудің және
ұсынудың қазіргі заманғы автоматтандырылған әдістерін енгізу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

N p/c	Бағ- дар- лама коды	Кіші бағ- дар- лама коды	Бағдар- ламаның (кіші бағдар- ламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындау- шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Мемле- кеттік статис- тика	1. "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен оның аумақтық	Жыл бойы	Қазақстан Респуб-

орган-
дарының
ақпарат-
тық
жүйесін
құру

органдарының талдамалы
және статистикалық
ақпараттарын бірыңғай
Интернет-портал
арқылы тарату"
ақпараттық кіші
жүйені құруды аяқтау:
- есептеу техникасын,
лицензиялық бағдарла-
мамен қамсыздандыру,
Web-сервер, ДББ
серверін, қосымшалар
серверін сатып алу,
лицензиялық бағдарла-
мамен қамтамасыз ету;
пайдалануға беруге
дайындау;
тәжірибелі пайдалану;
қызметкерлерді оқыту
және дайындау;
өнеркәсіптік
пайдалануға енгізу;
Интернет-порталдың
қабылдау-тапсыруы.

2. "Өлеуметтік
статистика үшін
тіркелім" ақпараттық
кіші жүйені құру:
- тіркелімді енгізу
және дамыту.

3. "Бастапқы
статистикалық деректің
құпиялығын сақтау
және қамтамасыз ету"
ақпараттық кіші
жүйені құру:
жүйенің екінші кезегін
жинақтау үшін
өнімдерді жеткізуге
құжаттарды әзірлеу
және ресімдеу;
есептеу техникасын:
ДББ серверін сатып алу;
жүйенің екінші кезеңі
және оның бөліктері
бойынша жобалық
шешімдерді әзірлеу;
бағдарламаның
бейімделуі және әзірлеу;
тәжірибелі пайдалану;
қызметкерлерді оқыту
және дайындау;
өнеркәсіптік пайдала-
нуға енгізу

ликасы
Статистика
агенттігі

(желтоқсан).

4. "Статистикалық
сыныптамалар жүйесінде
өзгерістер есебі"
ақпараттық кіші жүйені
құру :

техникалық тапсырманы
әзірлеу ;
есептеу техникасын,
лицензиялық бағдарла-
мамен қамсыздандыруды:
сервер, лицензиялық
бағдарламамен
қамтамасыз етуді
сатып алу ;
эскиз жобасын әзірлеу;
техникалық жобаны
әзірлеу ;

жұмыс құжаттаманы және
бағдарламаны әзірлеу;
іске енгізу және
қызметкерлерді оқыту.

5. "e-mail бойынша
статистикалық
есептілікті жинау"
ақпараттық кіші
жүйені құру :

техникалық тапсырманы
әзірлеу және бекіту;
алдын ала жобалық
шешімдерді әзірлеу;
"e-mail бойынша

статистикалық
есептілікті жинау"
АЖ-і жинақтау үшін
бұйымдарды жеткізуге
және олардың әзірлеуіне
техникалық талаптардың
(техникалық тапсырмалардың)
құжаттарын әзірлеу
және ресімдеу;
есептеу техникасын,

лицензиялық
бағдарламамен
қамсыздандыру:
ДББ серверін,
қосымшалар серверін,
өңірлік серверлер,
лицензиялық
бағдарламамен
қамсыздандыруды сатып
алу ;
бағдарламаны әзірлеу
және бейімделуі;

			қызметкерлерді дайындау; "e-mail бойынша статистикалық есептілікті жинау" АЖ-і іске қосуға автоматтандыру объектілерін дайындау.		
--	--	--	--	--	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің статистикалық және талдамалы ақпаратын бірыңғай Интернет-портал арқылы тарату", "Әлеуметтік статистикаға арналған тіркелім", "Бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығын сақтау және қамтамасыз ету", "Статистикалық сыныптамалар жүйесінде өзгерістер есебі", "e-mail бойынша статистикалық есептілікті жинау" ақпараттық кіші жүйелерін құруды қамтамасыз ету.

Түпкілікті нәтиже: статистикалық ақпарат пайдаланушыларын электрондық түрде статистикалық ақпаратпен жедел қамтамасыз ету, деректерді жинау, өңдеу және тарату тәртібін автоматтандыру есебінен статистикалық деректер сапасын арттыру (деректерді жаңартуды толық және өз уақытында қамтамасыз ету), жиналатын статистикалық ақпараттың түрлерін көбейту, статистикалық ақпараттың жедел өңделуі.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Республикалық және өңірлік деңгейдегі ақпараттық жүйелерді біріктіретін "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің статистикалық және талдамалы ақпаратын бірыңғай Интернет-портал арқылы тарату" ақпараттық кіші жүйені әзірлеу, мемлекеттік органдар сияқты, барлық статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға да тапсырыстарды орындау мен жауаптардың дайындалуын уақытылы жүзеге асырылуына көмектеседі.

"Әлеуметтік статистикаға арналған тіркелім" ақпараттық кіші жүйесін құру үй шаруашылықтары мен олардың тұрғын үй жағдайына тікелей немесе жанама қатысы бар бастапқы деректерді жинау, өңдеу және тарату жөніндегі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру үй шаруашылықтарын іріктеуді оңтайландыруға жағдай жасайды. Қазіргі уақытта үй шаруашылықтарын зерттеуге жұмсалатын шығын 155 млн. теңгені құрайды. Желіні 30%-ға қысқарту арқылы жылына 50 млн. теңге үнемдеуге болады. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдардың шығындары да қысқарады, себебі олар "Әлеуметтік статистикаға арналған тіркелім" ақпараттық кіші жүйесіне кіру мүмкіндігіне ие болады (Қазақстан Республикасы бойынша 17 млн. теңгеге). "Әлеуметтік статистикаға арналған тіркелім" ақпараттық кіші жүйесін кезекті ұлттық халық санағында пайдаланудың нәтижесі 300 млн. теңгені құрайды, өйткені 50 мың есепші 15 мың теңге айлықақымен 4 айдан аз жұмыс істейтін болады.

№ 1224 қаулысына

382-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 41377 мың теңге (қырық бір миллион үш жүз жетпіс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; " Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; " Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы № 71 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : статистиканың халықаралық ұсынымдар мен стандарттардың ұлттық деңгейге бейімделген әдіснамасы мен әдістемесін әзірлеу және енгізу .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : статистиканың әр түрлі салаларында әдіснамалар әзірлеу бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	Мемлекеттік статистиканы құру әдіснамасы саласындағы 13 тақырып бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу, оның ішінде: 1. Бірыңғай ақпараттық статистикалық жүйе үшін әдістемелік деректердің жүйесін әзірлеу ; 2. Еңбек рыногының көрсеткіштерін ұлғайту жөніндегі	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

ғылыми негізделген
жолдарды әзірлеу;
3. Макроэкономикалық
статистика саласындағы
ғылыми-зерттеу
жұмыстары;
4. Дүниежүзілік
тәжірибеге сәйкес
жасалған мәмілелер
бойынша экспорттық-
импорттық жеткізілімдердің
бағаларын зерттеудің
ғылыми негіздерін
әзірлеу;
5. Инфляция
параметрлерін бағалау
саласындағы ғылыми
зерттеулер:
инфляциялық
үдерістердің
импорттық құрамдас
бөлігі, оны бағалау
үшін модель құрастыру
және оның инфляцияға
үлесін (әсерін)
анықтаудың ғылыми
әдістерін құру;
6. Қазақстандағы
заңсыз қызметті
өлшеуге ғылыми-әдіснамалық
жолдарды дайындау;
7. Ғылыми-әдіснамалық
жолдарды әзірлеу және
экономиканың ағымдағы
дамуын бағалау үшін
көрсеткіштерді құру;
8. Үй шаруашылықтары
туралы деректердің
моделдеу жолдары.
Өңірлік (аудандық)
деңгейлердегі халық
кедейлігінің картасын
құрастыру;
9. Макроэкономикалық
статистика саласындағы
ғылыми зерттеулерді
жүргізу, отандық
компаниялардың даму
бағдарламалары шегінде
түрлі салалардағы
кәсіпорындардың
қызметін талдау және
есеп жүргізу үшін
ғылыми базасын әзірлеу;

			10. Шағын кәсіпкерлік бойынша ақпараттық ресурстарды дамыту үшін ғылыми базасын әзірлеу;		
			11. Өмір құнының индексін құру үшін ғылыми негізделген жолдарды әзірлеу;		
			12. Ақпараттық қоғам статистикасының ғылыми негізін құру;		
			13. Материалдық және материалдық емес өндірілмеген активтер құнының бағалауына ғылыми негізделген жолдарды әзірлеу.		

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: 13 тақырып бойынша мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөнінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жаңа құралдарды енгізуге, статистикалық деректердің сапасын арттыруға және олардың халықаралық деңгейде салыстырымдылығын арттыруға мүмкіндік туғызатын болады.

Түпкі нәтиже: ғылыми негізделген, соның ішінде халықаралық статистикалық сыныптамалардың жаңа жүйесіне көшу, салалық статистика мен ұлттық шоттар жүйесінің статистикалық көрсеткіштерін енгізу және жетілдіру бойынша, Мемлекеттік статистикалық тіркелім және статистикалық деректерді тарату үшін әдістемелік деректерді әзірлеу бойынша әдістемелер жасау.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізудің орташа құны 3182,8 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: орындалған іс-шараларды белгіленген мерзімдеріне сәйкес жыл бойына. Сапасы: әдіснамалық әзірлемелер халықаралық стандарттарды енгізуді және олардың ұлттық деңгейге бейімделуін жеделдетеді, статистикалық деректердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, мемлекеттік басқару органдарын, сондай-ақ қалың жұртшылықты ақпараттық қамтамасыз етуді жақсартады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

383-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Ауыл шаруашылығы санағын жүргізу"

деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны : 261320 мың теңге (екі жүз алпыс бір миллион үш жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылық санағын жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 463 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында бірінші ұлттық ауыл шаруашылық санағына дайындық, жүргізу және материалдарын өңдеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 маусымдағы N 830 қаулысы ; "Республикалық бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағына жәрдемдесу комиссиясын құру, Қазақстан Республикасында Бірінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу жөніндегі 2005-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 247 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 1119 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі сипаттамалары бойынша жиынтық деректер алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : 1) барлық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер туралы анық қорытынды деректер алу; 2) қазақстандық ауыл шаруашылығы статистикасының халықаралық стандарттармен салыстырымдылығын қамтамасыз ету; 3) ауыл шаруашылығы санақ деректерінің қоры негізінде ауыл шаруашылығы бойынша қолда бар ақпаратты актуализациялау; 4) жиналған статистикалық деректерді сапалы өңдеу мен талдау, оларға барлық ақпарат алушылардың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Ауыл шаруашы-	Ауыл шаруашылығы санақ аралығындағы	Жыл бойы	Қазақстан Респуб-

Уақтылығы: іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес жыл бойына.

Сапасы: елдің азық-түлік ресурстарын қалыптастыруда ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің әрбір санаттары рөлінің даму жағдайы мен үрдістері туралы ақпарат сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды. Ауыл шаруашылығы саласы туралы толық сандық және сапалық ақпарат алу мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

384-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Ұлттық санақ өткізу"

деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 2634189 мың теңге (екі миллиард алты жүз отыз төрт миллион бір жүз сексен тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1138 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : 2009 жылы кезекті халықтың ұлттық санағына дайындық кезеңі жұмыстары іс-шараларының толық кешенін жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : негізгі халық санағын өткізу механизмін егжей-тегжейлі зерделеу және талдау, ұйымдастыру-әдіснамалық жұмыстарда пайда болған кемшіліктерді бағалау және түзетулер жүргізу және 2009 жылғы негізгі халық санағының бағдарламасына барлық қажетті түзетулерді енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Ұлттық санақ өткізу	1. Халықтың санағы материалдарын сынап көру . 2. 2009 жылғы негізгі	Жыл бойына	Қазақстан Респуб -

			санаққа дайындық іс-шаралары жүргізу.	жұмыстардың кезеңінің кешенін		ликасы Статистика агенттігі
			3. Облыстық департаменттер құрамындағы аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың статистика бөлімдері үшін автокөлік құралдарын сатып алу			

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.23 N 1227 Қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: бағдарлама қосымшасын жүзеге асыру нәтижесінде халық санағы материалдарын сынап көру және 2009 жылы болатын халықтың негізгі санағына жұмыстардың дайындық кезеңінің іс-шаралары кешенін жүргізу материалдары, ғалым-демографтардың және басқа да мамандардың ескертулері мен ұсыныстары, халықаралық ұйымдардың тәжірибесі мен ұсыныстары есебімен, 2009 жылғы негізгі санақтың өткізілуіне пайдаланылады. Бұл санақтың барысында барлық аймақтар бойынша деректер алынады, бұлар: жасы мен жынысы, некеге отыру жағдайы, ұлттық құрамы, білім деңгейі, үй шаруашылықтарының мөлшері және саны, тілдерді білу деңгейі, жұмыспен қамтылу және басқа да деректер.

Қорытынды нәтиже: 1) халық санағы материалдарын сынап көру жүргізгенде халықтың негізгі санағын жүргізудің барлық механизмін егжей-тегжейлі зерделеу мен талдау, ғалымдармен, ведомстволар және министрліктер мамандарымен және басқа да ақпаратты пайдаланушылармен талдаудан кейін 2009 жылғы негізгі санақтың өткізілуіне бағдарламаларды пысықтау. 2) картографиялық материалдарды: аудандар мен тұрғылықты жерлердің схемалық жоспарларын дайындау. 3) халықтың толық есебін анықтау үшін бақылау құжаты болып табылатын тұрғын жерлердегі үйлердің тізімін алу; 4) құрылған тұрғын жерлердегі үйлердің тізімі негізінде халық санағын өткізудің ұйымдастыру жоспарын құрастыру, аудандар мен тұрғылықты жерлердің аймақтарын санақ телімдеріне бөлу; санақ бөлімдері; нұсқаушылар тізімі, есеп телімдері. 5) санақ қызметкерлерінің қажетті санын, үй-жай мен автокөлікке қажеттіліктерді анықтау.

Қаржы-экономикалық нәтиже: кіші бағдарламаларды орындау негізгі халық санағын өткізуге жұмсалатын нақты қаржы шығыстарын анықтау және оның өткізілуіне республикалық бюджеттен бөлінетін қаражаттарды тиімді пайдалану бөлігінде негізгі халық санағы өткізілуінің тиімді ұйымдастырудың маңызды элементі.

Уақытылылық: жыл бойына іс-шараларды жүзеге асыру мерзіміне сәйкес.

Сапа: халық санағы материалдарын сынап көру және 2009 жылы жүргізілетін негізгі санаққа жұмыстардың дайындық кезеңі шаралар кешені материалдарын

уақытылы және сапалы алу халықтың негізгі санағының әлемдік стандарттарға сәйкес жоғары сапалы деңгейде өткізілуін қамтамасыз етеді.

Ұйымдастыру жоспарларын уақытылы және сапалы құру - халықтың негізгі санағын жүргізу кезінде халықтың сапалы және дәл есебін анықтайтын санақ аудандастыруын жүргізуге, сондай-ақ, санақ қызметкерлерінің қажетті санын анықтауға, олардың арасындағы жұмыстарды тең бөлу және оларды санақ учаскелері бойынша дұрыс орналастыру, санақ бөлімдері үшін үй-жай, нұсқаушы учаскелерін және автокөлік қажеттіліктерін анықтауға негіз болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

385-ҚОСЫМША

606 - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту"
деген 116 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 14840 мың теңге (он төрт миллион сегіз жүз қырық мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды статистикалық және талдау материалдарымен қамтамасыз ету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қарашадағы N 1164 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 ақпандағы N 71 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : халықтың компьютерлік сауатсыздығын жою .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : халықтың компьютерлік сауаттылық деңгейін және Интернет-ресурстарын пайдалану дәрежесін анықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдар-	Бағдарламаның (кіші бағдар-	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	
-------	-----------------	--------------	-----------------------------	--	--------------------	--

						орындау-шылар
1	2	3	4	5	6	7
1	116		Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту	Ақпараттық қоғамның қазіргі статистикасын құру бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу. Халықтың компьютерлік сауаттылық деңгейін және Интернет-ресурстарын пайдалану дәрежесін, сәйкес ақпараттың жасалған әдістердің пайдалануымен Интернет пайдаланушылар категориясын, халықтың компьютерлік сауаттылығын көрсету серпінін және нәтижелерін талдау. Халықтың компьютерлік сауаттылық және Интернет пайдаланушыларының көрсеткіштерін ҚР Статистика агенттігінің Статистикалық жылнамасына жариялау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: статистиканың жаңа саласын - ақпараттық қоғам статистикасын құру.

Түпкілікті нәтиже: Интернет желісін пайдаланушылардың негізгі көрсеткіштері мониторингін жүргізу: пайдаланушылардың жалпы саны тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша, қала және ауылға бөлінген облыстар бойынша; ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қол жеткізу (компьютерді және Интернетті пайдалану орны және жиілігі);

Интернет пайдаланушыларын жыныс-жас сипаттамасы бойынша бөлу; пайдаланушыларды білім деңгейі және компьютерлік сауаттылық деңгейі бойынша бөлуді;

негізгі қол жеткізу пункттері және желіге қосылу үшін пайдаланылатын жабдық;

Интернет желісін пайдаланудың негізгі мақсаттары және Интернет желісіндегі ең көп талап етілетін қызметтер;

Интернет-коммерция көрсеткіштері (Интернет арқылы тапсырыс берілген қызметтер мен тауарлардың құрылымы);

Интернетті пайдалану кезінде туындайтын негізгі проблемалар.

Қаржы-экономикалық тиімділік: компьютерлік сауаттылық деңгейін анықтау және халықты Интернет қызметімен қамтамасыз ету. Бұл зерттеу алғашқы рет жүргізіліп

о т ы р .

Уақтылығы: жыл бойы шараларды іске асыру мерзіміне сәйкес.

Сапасы: ұйғарынды ақпарат 21 000 үй шаруашылықтарын зерттеу барысында алынған бастапқы ақпаратты қорытындылау және тарату негізінде қалыптастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК